

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ

**Университет миссиясы** - білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру.

**Стратегиялық мақсаты** - жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналу.

### 2020–2021 оқу жылының негізгі мақсаттары:

• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі рейтинг нәтижесі бойынша ҚР ЖОО-ның бірінші ондығына, педагогикалық жоғары оқу орындарының бірінші бестігіне ену.

• QS «World University Rankings» халықаралық рейтингісіне қатысу үшін дайындық жұмыстарын жүргізу.

• Оқытушы-профессорлық құрамының дәрежелігі мен ғылым, өнер және спорт саласында атағы бар оқытушылардың үлесін 55%-дан жоғарылату.

• Мамандардың жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін көтерудің жылдық үлесін барлық оқытушы-профессорлық құрамының 9% жеткізу.

• ОПК және студенттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру және жүзеге асыруда оқу жылы бойы 3 монография, 1 оқулық, 2 электронды оқулық, 54 оқу құралдарын, 45 оқу-әдістемелік құралдар мен 60 оқу-әдістемелік нұсқауларды баспадан шығару, 15 видеокурс әзірлеу.

• ЖОО-ны бітіргеннен кейін бірінші жылы бітірушілерді мамандық бойынша 96% жұмысқа орналастыру.

• Университеттің инфрақұрылымын дамыту:

- кітапхана қорын толықтыру - 6000 дана 30 миллион теңгеге;

- компьютерлік құрылғылармен 3 сыныпты жабдықтау;

- университет көлемінде жаңа техникалармен 70% жаңарту;

- университет сайтын 100% жаңарту.

• ҚР БЖҒМ-ң мемлекеттік гранттық қаржыландыруына ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының санын арттыру, оқу процесін F3Ж нәтижелерін ендіруді 140 актпен жоғарылату.

• Университет ғалымдарының халықаралық басылымдарының үлесін 40%-ға, жоғары импакт-факторы бар журналдардағы басылымдар санын –68-ге жеткізу.

• Халықаралық білім беру бағдарламасы аясында Түркия университеттерімен келісім шарт жасасу.

• Отандық жоғары оқу орындарымен бакалавриат және магистратура бағыттары үшін екі қос диплом бағдарламасын әзірлеу.

• Шетелдік жоғары оқу орындарымен магистратура бағыты үшін екі қос дипломды бағдарлама әзірлеу.

• Студенттер мен оқытушылар үшін сыртқы және ішкі ұлтқырлық бағдарламасын онлайн режимде іске асыру.

• Оқу-тәрбие процесін жетілдіру және студенттердің республикалық жастар қозғалысына, мәдени, қоғамдық және спорт-сауықтыру шараларына қатысуының өсуін қамтамасыз ету:

- Түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орын алатын дарынды, ізденімпаз, өнерлі, спортышы студенттердің санын арттыру (қалалық байқау – 6, республикалық байқау – 5, халықаралық жарыс – 5);

- «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шаралар ауқымын кеңейту (саны-35).

Ректор м.а.

Басылым 1, 1 данасы.



Г.Д.Сугирбаева

«1» 09 2020ж.